Облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған ақпараттық технологиялар мектеп-лицей-интернаты

«Физикадан есептер шығару практикумы»

элективті курсы бағдарламасы

/10-11 сынып/

Орал – 2023

Батыс Қазақстан облыстық білім басқармасының мектепке дейінгі, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының облыстық оқу-әдістемелік кабинетінің сараптама кеңесінде қаралып, облыс педагогтарына таратуға ұсынылды. Хаттама №3 31.08. 2023 жыл

Құрастырған:

Тангалиева А.И. Облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған ақпараттық технологиялар мектеп-лицей-интернатының физика пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші

Пікір жазғандар:
Имангалиева Б.С. - М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті «Физика» кафедрасының аға оқытушысы

10-11 сыныптарға арналған таңдау курсының бағдарламасы мемлекеттік білім беру стандарты бойынша физика курсының мектеп бағдарламасына сай құрылған. Бағдарламада оқушыларға физика пәнінен 7-11 сыныптар бойынша теориялық білім берумен қатар практикалық тапсырмалар және оқушылардың білімін жүйелі тексеріп отыру үшін тарау соңында сынақ жұмыстары берілген. Таңдау курсы бағдарламасын 11 сынып оқушыларын ҰБТ-ге дайындық өткізуде қолдану тиімді болып танылады. Бұл таңдау курсы бағдарламасын физика пәні мұғалімдеріне қолдану үшін ұсынуға болады.

Түсінік хат

Білім беру аймағы: «Физика»
Сыныбы: 10-11.

Мектептегі физика курсын игеру – бұл физикалық құбылыстар мен заңдылықтарды түсініп қана қою емес, сонымен бірге оларды бақылау, тәжірибелер мен эксперименттер арқылы қорытынды жасау және оны іс жүзінде қолдана білу.

Оқу процесінің ең қиын бөліктерінің бірі – оқушыларды есептер шығаруға үйрету. Физикалық есептер – бұл физикалық заңдар және әдістер негізінде оқушыларды білуге және ойлау қабілетін дамытуға бағытталған. Сондай-ақ, практикалық есептеуді қажет ететін жағдай болып табылады.

Курс бағдарламасы мемлекеттік білім беру стандарты бойынша физика курсының 10-11 сыныптарға арналған бағдарламасының мазмұнына сай 68 (136) сағатқа арналып құрылған. Бағдарламада физиканың мектеп курсындағы негізгі бөлімдері бойынша берілген тақырыптарға тереңірек, ауқымды түрде есептер шығару қарастырылған.

Оқушылардың теориялық білімін графиктік, мәтіндік, сапалық есептерге қолдана білуге, оны шешудің әдіс-тәсілдерін үйренуіне, өз бетімен жұмыстануына, ҰБТ есептерін тереңірек меңгеруіне мүмкіндік береді.

Курстың мақсаты:

- ✓ Оқушылардың физикалық есептерді шығару барысында танымдық қызығушылықтарын арттыру, зияткерлік және шығармашылық қабілетін дамыта отырып, өз бетімен ізденіп, жаңа білімге қол жеткізуге үйрету;
- ✓ Негізгі курс барысында алынған білім, білік дағдыларын жетілдіру;
- ✓ Физикалық есептерді шығару әдіс-тәсілдерін анықтай білу дәрежесін қалыптастыру;
- ✓ Физикалық білімдерін табиғаттың құбылысын, заттың қасиетін түсіндіруге қолдана білуге, есептерді шығаруға, физикалық мағынасы бар жаңа ақпаратты өз бетімен ізденіп, бағалауға үйрету.

Курстың міндеті:

- ✓ Оқушылардың білімін тереңдету және жүйелеу;
- ✓ Есептер щығарудың негізгі алгоритмін меңгерту;
- ✓ Есептер шығарудың әдістерін игерту;

Күтілетін нәтиже:

- ✓ Оқушылардың білімі іскерлігі мен есеп шығару дағдысы анықталады;
- ✓ Физикалық теорияны есеп шығаруға қолдана біледі;
- ✓ Физикалық заңдардың оқылуы мен формулалардың жазылуын біледі;
- ✓ Оқушылардың пәнге қызығушылығы артады;
- ✓ Ұлттық бірыңғай тестілеуде оң нәтижеге қол жеткізеді.

Таңдау курсы бағдарламасы 10-11 сынып оқушыларына бір жылдық оқу үшін арналған. Курс бағдарламасы барлығы 68 сағат, аптасына 2 сағатқа есептеліп құрылған.

Курс мазмұны

Кіріспе /1 сағат/
Физикалық құбылыстарды зерттеу әдістері. Физикалық құбылыстар мен процестерді модельдеу. Физикалық заңдар және олардың қолданылу шекаралары. Физикалық теориялар және сәйкестік принципі. Физикалық есептерді шығаруды үйренудің маңыздылығы.

Өлшеулер мен есептеулер /2 сағат/
Өлшеулер мен есептеулердің дәлдігі. Дәлдік класы. Өте үлкен және кіші сандарды стандарт түрге келтіру. Физикалық шамалар. Приборлардың бөлік құны. Физикалық шамаларды өлшеудегі қателіктер.

Кинематика негіздері /11 сағат/
Кинематиканың негізгі теңдеулері. Жылдамдық және орташа жылдамдықты есептеудің оңай әдістері. Үдеу. Тангенциал, нормаль үдеу. Әртүрлі механикалық қозғалыстардың графиктері. Қозғалыстың салыстырмалылығы. Қисық сызықты қозғалыс кинематикасы Көкжиекке және горизонтқа бұрыш жасай лақтырылған денелердің қозғалысы. Есептер шығару, сынақ жұмысы.

Динамика негіздері /12 сағат/
Күштер. Күштерді қосу. Ньютон заңдары. Жазық беттегі және көлбеу жазықтықтағы қозғалған кезіндегі денеде болатын күштерді өрнектеу. Статика. Тепе – теңдік шарты. Массалар центрі. Импульс моменті. Импульс моментінің сақталу заңы және оның кеңістік қасиеттерімен байланысы. Айналмалы қозғалыс динамикасының негізгі теңдеуі. Есептер шығару, сынақ жұмысы.

Сұйықтар мен газдар механикасы. МКТ, термодинамика негіздері /15 сағат/
Үзіліссіздік теңдеуі. Бернулли теңдеуі. МКТ-ң негізгі теңдеуі. Термодинамикалық жүйелер және термодинамикалық параметрлер. Идеал газ күйінің теңдеуі. Дальтон заңы. Изопроцестердің сандық және графиктік есептері. Термодинамика заңдары. Адиабаталық процесс. Пуассон теңдеуі. Айналмалы процесс және оның ПӘК-і. Есептер шығару, сынақ жұмысы.

Электростатика негіздері /12 сағат/
Денелердің электрленуі. Зарядтардың сақталу заңы. Кулон заңы. Электр өрісі. Нүктелік заряд өрісінің кернеулігі. Бір түзудің бойындағы және үшбұрыш, төртбұрыш төбелеріндегі нүктелік зарядтардың кернеулігі. Зарядтың орын ауыстыруы кезіндегі электр өрісінің жұмысы. Электрсыйымдылығы. Конденсаторлар. Электр өрісінің энергиясы. Есептер шығару, сынақ жұмысы.

Тұрақты электр тогы /9 сағат/
Электр тогы. Тізбек бөлігіне арналған және толық тізбек үшін Ом заңы. Өткізгіштерді жалғау. Ток көзінің электр қозғаушы күші мен ішкі кедергісі, қысқа тұйықталудың алдын алу жолдары. Электр тогының жұмысы мен қуаты. Джоуль –Ленц заңы. Ток көзінің пайдалы әсер коэффициенті. Есептер шығару, сынақ жұмысы.

Әртүрлі ортадағы электр тогы /5 сағат/
Металдардағы, жартылай өткізгіштердегі, электролиттердегі, газдардағы, вакуумдегі электр тогы. Электролиз заңы.

Қорытынды /1 сағат/
Қорытынды қайталау сабағы

«Физикадан есептер шығару практикумы» таңдау курсының
күнтізбелік – тақырыптық жоспары
10 сынып

Аптасына – 2 сағат
Барлығы – 68 сағат

№	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Күні
Кіріспе – 1 сағат			
1	Таңдау курсының мақсат – міндеттері, ерекшелігі. Физикалық есептерді шығаруды үйренудің маңыздылығы.	1	
Өлшеулер мен есептеулер – 2 сағат			
2-3	Өлшеулер мен есептеулердің дәлдігі. Дәлдік класы. Өте үлкен және кіші сандарды стандарт түрге келтіру	2	
Кинематика негіздері – 11 сағат			
4-5	Кинематиканың негізгі теңдеулері. Жылдамдық және орташа жылдамдықты есептеудің оңай әдістері. Үдеу. Тангенциал, нормаль үдеу. Әртүрлі механикалық қозғалыстардың графиктері. Қозғалыстың салыстырмалылығы	2	
6-8	Кинематиканың негізгі теңдеулері мен координатаның, жылдамдықтың, үдеудің, жолдың уақытқа тәуелділік графиктерін түрлендіруге есептер шығару.	3	
9-10	Қисық сызықты қозғалыс кинематикасы Көкжиекке және горизонтқа бұрыш жасай лақтырылған денелердің қозғалысы.	2	
11-13	Есептер шығару	3	
14	Сынақ жұмысы	1	
Динамика негіздері –12 сағат			
15-16	Күштер. Күштерді қосу. Ньютон заңдары. Жазық беттегі және көлбеу жазықтықтағы қозғалған кезіндегі денеде болатын күштерді өрнектеу.	2	
17-19	Бір-біріне бұрыш жасай бағытталған күшерді қосу. Есептер шығару	3	
20-21	Импульс моменті. Импульс моментінің сақталу заңы және оның кеңістік қасиеттерімен байланысы. Айналмалы қозғалыс динамикасының негізгі теңдеуі	2	
22-23	Статика. Тепе – теңдік шарты. Массалар центрі	2	
24-25	Есептер шығару	2	
26	Сынақ жұмысы	1	
Сұйықтар мен газдар механикасы. МКТ, термодинамика негіздері – 15 сағат			
27-28	Үзіліссіздік теңдеуі. Бернулли теңдеуі. МКТ-ң негізгі теңдеуі	2	
29-30	Термодинамикалық жүйелер және термодинамикалық параметрлер. Идеал газ күйінің теңдеуі	2	
31-32	Изопроцестер. Изопроцесстер графиктері. Дальтон заңы.	2	
33-34	Изопроцестердің сандық және графиктік есептері	2	
35-36	Жылу мөлшері, жылусыйымдылық. Ауа ылғалдылығы.	2	
37-38	Термодинамика заңдары. Адиабаталық процесс. Пуассон теңдеуі. Айналмалы процесс және оның ПӘК-і	2	
39-40	Есептер шығару	2	
41	Сынақ жұмысы	1	

Электростатика негіздері – 12 сағат			
42-43	Денелердің электрленуі. Зарядтардың сақталу заңы. Кулон заңы. Электр өрісі. Электр өрісінің кернеулігі.	2	
44-45	Нүктелік заряд өрісінің кернеулігі. Бір түзудің бойындағы және үшбұрыш, төртбұрыш төбелеріндегі нүктелік зарядтардың кернеулігі	2	
46-48	Есептер шығару	3	
49	Зарядтың орын ауыстыруы кезіндегі электр өрісінің жұмысы. Потенциал. Потенциалдар айырымы. Электр өрісіндегі зарядтың потенциялдық энергиясы. Электрсыйымдылығы. Конденсаторлар. Электр өрісінің энергиясы;	1	
50-52	Есептер шығару	3	
53	Сынақ жұмысы	1	
Тұрақты электр тогы – 9 сағат			
54	Электр тогы. Тізбек бөлігіне арналған және толық тізбек үшін Ом заңы. Өткізгіштерді жалғау. Ток көзінің электр қозғаушы күші мен ішкі кедергісі, қысқа тұйықталудың алдын алу жолдары	1	
55-57	Есептер шығару	3	
58	Электр тогының жұмысы мен қуаты. Джоуль –Ленц заңы. Ток көзінің пайдалы әсер коэффициенті.	1	
59-61	Есептер шығару	3	
62	Сынақ жұмысы	1	
Әртүрлі ортадағы электр тогы – 5 сағат			
63	Металдардағы электр тогы.	1	
64	Жартылай өткізгіштердегі электр тогы.	1	
65-66	Электролиттердегі электр тогы. Электролиз заңы. Есептер шығару	2	
67	Газдардағы және вакуумдегі электр тогы.	1	
Қорытынды - 1 сағат			
68	Қорытынды қайталау сабағы	1	

Курс мазмұны

Магнитизм /11 сағат/
Магнит өрісі. Ампер күші, сол қол ережесі. Лоренц күші. Зарядталған бөлшектің магнит өрісіне параллель, перпендикуляр және белгілі бір бұрышпен енуі. Өздік индукция құбылысы деген не? Индуктивтілік. Магнит өрісінің энергиясы. Есептер шығару, сынақ жұмысы.

Тербелістер мен толқындар /13 сағат/
Механикалық тербелістер. Тербелістерді сипаттайтын шамалар. Тербеліс графигін сызу және графикке сипаттама беру. Тербелістерді сипаттайтын теңдеу. Тербеліс кезіндегі энергияның түрленуі. Тербеліс координатасының бірінші, екінші реттік туындыларын өрнектеу. Айнымалы ток тізбегіндегі актив, индуктивтілік, сыйымдылық кедергілер. Айнымалы токтағы толық тізбек үшін Ом заңы. Есептер шығару, сынақ жұмысы.

Жарық толқындары. Геометриялық оптика /11 сағат/
Жарық жылдамдығы. Жарықтың түзу сызықпен таралуы. Жарықтың таралу заңдары. Айна. Айнаның түрлері. Жазық айна мен сфералық айналарда кескін алу. Линзалар. Линзалардың түрлері. Жинағыш және шашыратқыш линзаларда кескін алу. Жарықтың дисперциясы, интерференциясы, дифракциясы. Дифракциялық тор. Есептер шығару, сынақ жұмысы.

Салыстырмалылық теориясының элементтері. Жарықтың кванттық қасиеттері /10 сағат/
Жылдамдықтарды қосудың релятивистік заңы. Масса неліктен артады, ұзындық пен уақыт неліктен қысқарады? Фотоэффект. Фотоэффект теориясы. Фотоэффект құбылысы. Жарықтың қысымы. Фотондар. Есептер шығару, сынақ жұмысы.

Атом және атом ядросы /12 сағат/
Атомдық ядроның құрамы. Атом ядросының байланы с энергиясы. Массалар ақауы. Радиоактивтік. Радиактивтік ыдырау заңы. Ядролық реакциялар. Реакция энергиясы. Есептер шығару, сынақ жұмысы.

Атом және атом ядросы /12 сағат/
Аспан сферасы, аспан координаталарының жүйесі. Аспан денелерінің көрінетін қозғалысы. Күн жүйесінің құрылымы. Жұлдыздық картамен жұмыс. Әртүрлі географиялық ендіктегі аспан шырақтарының көрінерлік қозғалысы, жергілікті, белдеулік және бүкіләлемдік уақыт. Күн. Жұлдыздардың, галактикалардың, Ғаламның пайда болуы мен эволюциясы туралы заманауи идеялар. Есептер шығару, сынақ жұмысы.

Қорытынды /1 сағат/
Қорытынды қайталау сабағы

«Физикадан есептер шығару практикумы» таңдау курсының
күнтізбелік – тақырыптық жоспары
11 сынып

Аптасына – 2 сағат
Барлығы – 68 сағат

№	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Күні
Магнитизм – 11 сағат			
1	Магнит өрісі. Ампер күші, сол қол ережесі.	1	
2	Лоренц күші. Зарядталған бөлшектің магнит өрісіне параллель, перпендикуляр және белгілі бір бұрышпен енуі.	1	
3-5	Есептер шығару	3	
6	Электромагниттік индукция құбылысы. Электромагниттік индукция заңы. Ленц ережесі.	1	
7	Өздік индукция құбылысы деген не? Индуктивтілік. Магнит өрісінің энергиясы	1	
8-10	Есептер шығару	3	
11	Сынақ жұмысы	1	
Тербелістер мен толқындар – 13 сағат			
12-13	Механикалық тербелістер. Тербелістерді сипаттайтын шамалар. Тербеліс графигін сызу және графикке сипаттама беру. Тербелістерді сипаттайтын теңдеу. Тербеліс кезіндегі энергияның түрленуі.	2	
14-15	Математикалық және серіппелі маятниктер периодының физикалық шамаларға тәуелділігі. Периодтың формуласын жиілік және циклдік жиілік арқылы түрлендіру. Тербеліс координатасының бірінші, екінші реттік туындыларын өрнектеу	2	
16-18	Есептер шығару	3	
19-20	Айнымалы ток – еріксіз электромагниттік тербеліс. Айнымалы ток тізбегіндегі актив, индуктивтілік, сыйымдылық кедергілер. Айнымалы токтағы толық тізбек үшін Ом заңы.	2	
21-23	Есептер шығару	3	
24	Сынақ жұмысы	1	
Жарық толқындары. Геометриялық оптика – 11сағат			
25	Жарық жылдамдығы. Жарықтың түзу сызықпен таралуы. Жарықтың шағылу және сыну заңдары. Толық ішкі шағылу	1	
26	Айна. Айнаның түрлері. Жазық айна мен сфералық айналарда кескін алу	1	
27-29	Есептер шығару	3	
30	Линзалар. Линзалардың түрлері. Жинағыш және шашыратқыш линзаларда кескін алу	1	
31	Жарықтың дисперциясы, интерференциясы, дифракциясы. Дифракциялық тор	1	
32-34	Есептер шығару	3	
35	Сынақ жұмысы	1	
Салыстырмалылық теориясының элементтері – 4 сағат			

36	Жылдамдықтарды қосудың релятивистік заңы. Массасның артуы, ұзындықтың, уақыттың қысқаруы.	1	
37-39	Есептер шығару	3	
Жарықтың кванттық қасиеттері – 6 сағат			
40-41	Фотоэффект. Фотоэффект теориясы. Фотоэффект құбылысы. Жарықтың қысымы. Фотондар.	2	
42-44	Есептер шығару	3	
45	Сынақ жұмысы	1	
Атом және атом ядросы – 12 сағат			
46-47	Атом құрылысы. Атомдық спектрлер. Атомның жарық шығаруы және жұтуы	2	
48	Атомдық ядроның құрамы. Атом ядросының байланы с энергиясы. Массалар ақауы	1	
49-51	Есептер шығару	3	
52	Радиоактивтік. Радиактивтік ыдырау заңы.	1	
53	Ядролық реакциялар. Реакция энергиясы	1	
54-56	Есептер шығару	3	
57	Сынақ жұмысы	1	
Астрономия – 10 сағат			
58-59	Аспан сферасы, аспан координаталарының жүйесі	2	
60-61	Жұлдыздық картамен жұмыс	2	
62-63	Аспан денелерінің көрінетін қозғалысы. Күн жүйесінің құрылымы.	2	
64-65	Әртүрлі географиялық ендіктегі аспан шырақтарының көрінерлік қозғалысы, жергілікті, белдеулік және бүкіләлемдік уақыт	2	
66	Жер–Ай жүйесі. Жұлдыздардың негізгі сипаттамалары.	1	
67	Күн. Жұлдыздардың, галактикалардың, Ғаламның пайда болуы мен эволюциясы туралы заманауи идеялар.	1	
Қорытынды - 1 сағат			
68	Қорытынды қайталау сабағы	1	


Физика пәні бойынша факультатив курсы бойынша жұмыс жоспары

Мектебі:	
Пән мұғалімі:	
Сыныбы:	
Күні:	

Сабақ тақырыбы:	Таңдау курсының мақсат – міндеттері, ерекшелігі. Физикалық есептерді шығаруды үйренудің маңыздылығы. Техникалық қауіпсіздік.
Сабақ мақсаттары	✓ Таңдау курсы туралы түсінік беру; ✓ Физикалық есептердің шығару алгоритмін талдау; ✓ Физика кабинетіндегі қауіпсіздік ережесін түсіндіру;
Ойлау дағдыларының деңгейі:	Білу, түсіну
АКТ қолдану дағдылары:	Интерактивті тақтаның қажетті мүмкіндіктерін кеңінен пайдалану, интернет желісінен ақпараттар іздегенде тиімді жолдарын таңдау.

Сабақтың барысы	
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	**Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері**
Сабақтың басы	**Ұйымдастыру бөлімі:** ✓ Сынып оқушылармен амандасу, оқушыларды түгендеу; ✓ Сыныптың сабаққа дайындығын тексеру;
Сабақтың ортасы	**Сыныппен жұмыс** Таңдау курсы оқушылардың әртүрлі танымдық қызығушылығын қанағаттандырып, профильдік мазмұнын толықтыратын оқу жоспарының бір элементі. Бұл курс ***«Физикадан есептер шығару практикумы»*** деп аталады. Мақсаты: Оқушылардың логикалық, танымдық қабілеттерін дамыта отырып, сандық және сапалық есептерді шығару дағдыларын қалыптастыру, мемлекеттік емтиханға дайындығын күшейту. Міндеттері: ➢ Білім алушының физикалық есептерді шешуге қызығушылықты дамыту; ➢ Негізгі курста алған білімі мен іскерлігін жетілдіру; ➢ Физикалық тапсырмаларды шешу әдістері мен тәсілдерін жүйелі қолдана алу түсініктерін қалыптастыру; Күтілетін нәтиже: Таңдау курсының бағдарламасы бойынша қойылған мақсат – міндеттерді жүзеге асыру арқылы оқушылар физика курсынан алған білімдерін жетілдіріп, есептерді шығарудың түрлі әдіс – тәсілдерін терең меңгереді. Физикалық есептер мазмұнына қарай қаралатын проблемаларға, құбылыстарға байланысты механикалық, электромагниттік, оптика, атомдық физика есептері болып және құрылысына, қойылған сұрақтарға, шешу тәсілдеріне қарай ауызша, сапалық, мәтіндік есептер,

	графикалық, тәжірибелік есептер болып бірнеше түрге бөлінеді. ✓ Ауызша сұрақ және сапалық есептер – құрылысы қарапайым, ауызша жауап беретіндей қарастырылады. Бұндай есептерді шығару үшін қарапайым құбылыстардың заңдылықтарын білу керек. ✓ Мәтіндік есептерді шығаруда бір немесе бірнеше құбылыстарды, олардың заңдылықтарын қамтитын математикалық есептерді пайдаланып шешілетін проблемалар түрінде беріледі. <u>Физикалық есептерді шығару алгоритмі:</u> **1.** Есептің шартымен танысу; есепте қарастырылатын мәселені толық ұғынып, қойылған сұрақты анық түсіну; **2.** Есептің мазмұнын талдау; есептің шартында берілген құбылыстардың қандай заңға бағынатынын анықтап алу, ол заңды сипаттайтын формулаларды жазу; **3.** Есепті жалпы түрде шығару; есептің сұрауларына талдау беретін проблеманы анықтайтын теңдеуді жалпы формула түрінде қорытып шығару; **4.** Есептеу: есептеу берілген шамалардың барлығын ХБЖ өлшемдеріне келтіріп, қорытып алынған жалпы формулаға шамалардың сандық мәндерін қойып, математикалық есептеулер жүргізу; <u>Физика кабинетіндегі қауіпсіздік техникалық ережесі:</u> **1.** Алдымен әрбір орындалатын жұмыспен танысып, қажетті қауіпсіздік техникасы ережелерін еске түсіру керек. **2.** Оқушылардың қауіпсіздік техникасы ережелерін орындауын бақылап жүру керек. **3.** Өткір кесетін құрал-жабдықтарды тек сабынан ұстап, өткір ұшын көршісіне бұруға болмайтыны туралы дағды қалыптасуы қажет. **4.** Жанып тұрған спирт шамымен екіншісін жағуға болмайды. Спирт шамын қалпақпен өшіреді. **5.** Ашық спиральды электр қыздырғыш приборларды пайдалануға үзілді-кесілді тиым салынады. **6.** Пробиркада сұйықты қыздырған кезде мына ережелерді ескеру қажет: Пробирканың ауызын өзіне немесе көршіне бұруға болмайды. Пробирканы арнайы штативке бекіту қажет. Пробирканы қағаз кесінділерімен ұстауға болмайды. **7.** Шынының өте морт келетінін, соғудан, температура өзгерісінен тез шытынайтынын және сынатынын ескерген жөн. Шыны кесіп кеткен жағдайда кесілген жерге қол тигізуге және сумен жууға болмайды. Жараны дәріленіп тазартылған дәкемен тазалап, сонан соң жараның айналасындағы теріге йодты спирт тұнбасын жағу керек. **8.** Құрастырылған электр тізбегін мұғалім тексергеннен кейін, оның рұқсатымен ғана қосыңдар. Электр тізбегіне ток көзін ең соңынан қосыңдар.	
Сабақтың соңы	**Рефлексия.** **«Сөйлемді жалғастыр»** • Бүгін мен .....білдім • Маған.....қызықты болды • Енді мен.....қол жеткізе алдым • Сабақта мен өмірім үшін керекті.....алдым • Бұл курс маған болашақта.....береді	**Ресурстар:** https://kk.wikipedia.org/wiki/ https://infourok.ru/fizika-kabinetinde-tehnikali-auipsizdik-erezhesi-2531970.html

Сабақ №2/3		
Сабақтың тақырыбы:	Физикалық шамалардың қателіктері. Өлшеулер нәтижесін өңдеу.	
Оқу мақсаттары:	10.1.1.2 - жүйелік және кездейсоқ қателіктерді ажырата білу; 10.1.1.3 - тәуелсіз, тәуелді және тұрақты физикалық шамаларды анықтау;	
Күні:	**Сынып:**	**10**
	Мұғалім:	
Оқу мақсаттарын игеруге бағытталған амалдар тізбегі	**Тапсырмалардың мазмұны мен орындау алгоритмі**	
Теориялық материалдар	Өлшеудің 2 түрі бар. Олар: **тура және жанама** әдістер. **Тура әдісте** аспаптарды пайдалану арқылы өлшеу. Мысалы, сызғыш арқылы өлшеу.  **Өлшеу қателігі** – анықталатын шаманың өлшенген мәнінің нақты өлшемнен айырмашылығы. Өлшеу кезінде орын алатын қателіктер үш типті болады – **жүйелік, кездейсоқ және дөрекі** қателер. Эксперимент барысында құралдардың құрылысында ақаулар болса, өлшеу тәсілі дұрыс таңдалмай немесе формула дұрыс қорытылмаған болса, онда жұмыс нәтижесінде **жүйелік қателер** орын алады. **Кездейсоқ қателердің** себептері әр түрлі: температураның өзгеруі, жердің сілкінуі, жел; мұндай жағдайларды алдын ала ескеру мүмкін емес. **Дөрекі қателер** эксперимент жүргізушінің аспаптан өлшемді дұрыс жазып алмауынан, есептеулерде қате жіберуінен пайда болуы мүмкін. **Мысал 1:** Төменде нысанаға оқ атылған. Бұл жерде оқтың нақтылық пен дәлділік арқылы төрт түрлі көрсеткіш көрсетіліп тұр.  <u>Ұзындық өлшемдері:</u> 1) елі ≈ 2-2,5 см (орта шамадағы бір саусақтың ені); 2) тұтам ≈ 8-10 см (жұдырық ені); 3) сынық сүйем ≈ 13-15 см (бүгілген сұқ саусақ пен бас бармақ арасындағы қашықтық);	

	4) сүйем ≈ 17-20 см (көсілген бас бармақ пен сұқ саусақ арасындағы қашықтық); 5) қарыс ≈ 20-22 см (көсілген бас бармақ пен ортаншы саусақ арасындағы қашықтық); 6) кез ≈ 70-75 см (саусақтардың ұшынан иыққа дейінгі ара қашықтық); 7) 1 кез ≈ 7-9 тұтам. <u>Биіктік өлшемдері:</u> 1) оқ бойы ≈ 1,0-1,5 м жебе ұзындығы; 2) найза бойы ≈ 3-5 м 3) арқан бойы ≈10-12 м т.б. <u>Сұйыққа арналған өлшемдер:</u> 1) қасық ≈ 50 г; 2) ожау ≈ 0,5 л; 3) тостаған ≈ 0,5 л; 4) аяқ ≈ 1 л; 5) шара ≈ 1,5-2 л; 6) тегене ≈ 8-10 л; 7) тосық ≈ 8-10 л (ешкі терісінен тігілген ыдыс) 8) көнек ≈ 15-16 л (бие сауғанда пайдаланылатын былғарыдан тігілген ыдыс) <u>Салмақ өлшемдері:</u> 1) 1 пұт ≈ 16 кг, жарты п.ұт ≈ 8 кг; 2) 1 қадақ ≈ 400 г, ширек қадақ ≈ 100 г. 3) 1 қап немесе 4 п.ұт ≈ 65-66 кг; 4) 1 мысқал ≈ 4,46 г; 5) 1 жамбы күміс ≈ 6 кг; 6) 1 пітір. бидай ≈ 3 кг;
Тапсырмалар	**Тапсырма 1** Тік төртбұрышты білеушенің тығыздығын анықтау үшін оның массасы мен сызықтық өлшемдері өлшенді. Өлшеу кезінде алынған мәндер мен олардың қателіктері берілген. масса = (24,8 ± 0,1) г ұзындық = (4,25 ± 0,01)см ені = (2,00 ± 0,01)см биіктігі = (1,00 ± 0,01)см. Білеушенің тығыздығын есептеп, нәтижені қателігін ескеріп жазыңыз. Бақылау сұрақтары: 1. Физикалық өлшеудің анықтамасын беріңіз. 2. Жүйелік қателіктердің себептерін жазыңыз. 3. Кездейсоқ қателік дегеніміз не?
Қорытынды	

Сабақ №4/5			
Сабақтың тақырыбы:	Кинематиканың негізгі теңдеулері. Жылдамдық және орташа жылдамдықты есептеудің оңай әдістері. Үдеу.		
Оқу мақсаттары:	10.1.1.5 - жылдамдықтың уақытқа тәуелділігі графигін пайдалана отырып, теңүдемелі қозғалыс кезіндегі орын ауыстыру формуласын қорытып шығару;		
Күні:		**Сынып:**	**10**
		Мұғалім:	
Оқу мақсаттарын игеруге бағытталған тапсырмалар тізбегі	**Тапсырмалардың мазмұны мен орындау алгоритмі**		
Теориялық материал			

Кең тараған механикалық қозғалыстардың бірі – айнымалы қозғалыс, траекторияның әрбір нүктесінде жылдамдық өзгеріп отырады. Айнымалы қозғалыстың қарапайым түрі теңайнымалы қозғалыс. Оның теңүдемелі және теңбаяулайтын түрлері бар. Теңүдемелі қозғалыс кезінде жылдамдығы әр уақыт бірлігінде бірдей шамаға артып отырады, ал теңбаяулайтын қозғалыста жылдамдық әр уақыт бірлігінде бірдей шамаға кеміп отырады. Мысалы: таудан сырғанаған шана немесе тауға көтерілген дене.


Теңүдемелі түзусызықты қозғалыс – дене кез келген тең уақыт аралығында жылдамдығы бірдей шамаға өзгеретін қозғалыс. $\Delta v = const$ *(бірдей* t, $\vec{v}_{лез}$ *бағыты сақталады).*

Үдеу – бірлік уақыт ішінде жылдамдық өзгерісін көрсететін векторлық физикалық шама. Өлшем бірлігі м/с².

$\vec{a} = \frac{\vec{v}-\vec{v}_0}{t}$ $\vec{a} \uparrow\uparrow \Delta\vec{v}$; $\vec{v} - \vec{v}_0 = \Delta\vec{v}$ – жылдамдық өзгерісі


Бірқалыпты түзусызықты қозғалыста *υ-const* жылдамдық тұрақты болғандықтан $a = 0$

Лездік жылдамдық.

$\vec{v}$ – кез келген уақыт мезетіндегі жылдамдық	$\vec{v} = \vec{v}_0 + \vec{a}t$	
$\vec{v}_0$ – бастапқы жылдамдық (t=0 болған кездегі)	$v_x = v_0 + a_x t$	

Егер бастаптқы жылдамдық және үдеу векторларының проециясының бағыттары бірдей болса, дене жылдамдығының модулі артады, яғни қозғалыс теңүдемелі болады. Бастапқы жылдамдық және үдеу векторларының проекциясының бағыттары қарама-қарсы болса, дене жылдамдығының модулі кемиді, яғни қозғалыс теңбаяу болады.


Орынауыстыру – дененің жүрілген жолының (орынауыстыруының) сандық мәні V(t) графигіндегі фигураның ауданына тең.



$$S = \frac{a+b}{2}h$$

$a, b(v, v_0)$ – трапецияның табандары;
$h(t)$ – трапецияның биіктігі;
S– трапецияның ауданы
графиктегі фигура – трапеция түрінде кескінделеді (жүрген жол)

Формуланы қорыту	Формулалар:
а) $\left.\begin{matrix} S = \frac{v_0+v}{2}t \\ v = v_0 + at \end{matrix}\right\} \Rightarrow S = \frac{v_0+v_0+at}{2} = v_0 t + \frac{at^2}{2}$	$S = v_0 t + \frac{at^2}{2}$ $v_0 = 0 \Rightarrow S = \frac{at^2}{2}$
б) $\left.\begin{matrix} S = v_0 t + \frac{at^2}{2} \\ t = \frac{v-v_0}{a} \end{matrix}\right\} \Rightarrow S = v_0\left(\frac{v-v_0}{a}\right) + \frac{a\left(\frac{v-v_0}{a}\right)^2}{2} = \frac{v^2-v_0^2}{2a}$	$S = \frac{v^2-v_0^2}{2a}$ $v_0 = 0 \Rightarrow S = \frac{v^2}{2a}$

Тапсырмалар	**1.** Нүктенің жылдамдығы $v = 4t + 8$ заңы бойынша өзгереді. Нүктенің үдеуі **2.** Бастапқы 20 м/с жылдамдықта түзу сызықпен қозғалып келе жатқан дене 4 м/с^2 үдеумен тежеле бастады. Дененің 4 с-тан кейінгі лездік жылдамдығы қандай? **3.** Орнынан 1 м/с^2 тұрақты үдеумен қозғалған пойыздың 10 секундта жүрген жолы **4.** Бірқалыпты қозғалыс кезіндегі үдеу **5.** Қозғалыстағы дене жылдамдығының теңдеуі. Орын ауыстырудың теңдеуі және бастапқы жылдамдық пен үдеу **6.** Суретте берілген жылдамдық графигі бойынша алғашқы 5 с аралығындағы дененің орташа жылдамдығы 
Қорытынды	


Сабақ №6/7			
Сабақтың тақырыбы:	Тангенциал, нормаль үдеу. Әртүрлі механикалық қозғалыстардың графиктері. Қозғалыстың салыстырмалылығы		
Оқу мақсаттары:	10.1.1.6 - сандық және графиктік есептерді шығаруда ькинематика теңдеулерін қолдану		
Күні:		**Сынып:**	**10**
		Мұғалім:	
Оқу мақсаттарын игеруге бағытталған тапсырмалар тізбегі	**Тапсырмалардың мазмұны мен орындау алгоритмі**		



Тапсырмалар	**7.** Тежелу басталғанда локоматив бағдаршамнан 500 м қашықтықта еді. Осы кезде оның жылдамдығы 72 км/сағ болатын. Егер локоматив 0,1 м/с² үдеумен тежелсе, 40 с өткенде оның бағдаршаммен салыстырғандағы орны **8.** Екі мотоциклшінің қозғалыстары $x_1 = 15 + t^2$ және $x_2 = 8t$ теңдеулері арқылы берілген. Олардың кездесу уақыты **9.** Екі дененің қозғалыс теңдеулері $x_1 = 10t + 0,4t^2$ және $x_2 = -6t + 2t^2$. Олардың кездесетін орны мен уақыты **10.** Тыныштық күйінен бірқалыпты үдемелі қозғалыспен қозғала бастаған дене 5-ші секундта 90 см жүрді. Дененің 7-ші секундтағы жүрген жолы **11.** Дене 75 м биіктіктен 10 м/с жылдамдықпен тік төмен тасталды. Дененің жерге соғылар мезеттегі кинематикалық энергиясы 1,6 кДж. Дененің жерге соғылар мезеттегі жылдамдығы мен массасы (ауаның кедергісін ескермеңіз) қанша?
Қорытынды	

Сабақ №8			
Сабақтың тақырыбы:	Теңүдемелі қозғалыс кинематикасының негізгі теңдеулері мен ұғымдары.		
Оқу мақсаттары:	10.1.1.6 - сандық және графиктік есептерді шығаруда ькинематика теңдеулерін қолдану		
Күні:		**Сынып:**	**10**
		Мұғалім:	
Оқу мақсаттарын игеруге бағытталған тапсырмалар тізбегі	**Тапсырмалардың мазмұны мен орындау алгоритмі**		

Тапсырмалар	**12.** Қандай да бір биіктіктен төмен құлаған дененің бастапқы жылдамдығы 5 м/с. Осы дененің 5 секундта жүретін жолы **13.** Велосипедші бастапқы жылдамдығы 2 м/с және тұрақты 0,8 м/с^2 үдеумен таудан түсіп келеді. 10 с кейін оның жылдамдығы қандай және қозғалысы қандай бағытта болады? **14.** Бұрыштық орын ауыстырудың осы орын ауыстыруға кеткен уақыт аралығына қатынасын көрсететін шама және қисықсызықты қозғалыс үшін берілген уақыт мезетіндегі дененің жылдамдығын қандай шама деп атайды? **15.** К.Э. Циолковский «Жерден тысқары» деген кітабында ракетаның ұшуын қарастырып, 10 с кейін ракета бақылаушыдан 5 км қашықтықта болады деп жазған. Ракета қандай үдеумен және қандай жылдамдықпен қозғалған? **16.** Автокөлік жолдың төрттен үш бөлігін 60 км/сағ жылдамдықпен, ал қалған бөлігін 80 км/сағ жылдамдықпен жүрді. Автокөліктің орташа жылдамдығын анықтаңыз. **17.** Жолаушылар пойызы 0,3 м/с^2 үдеумен қозғала отырып тежегішті іске қосады. Егер пойыздың қозғалыс жылдамдығы 108 км/сағ болса, онда тежегішті вокзалдан қандай қашықтықта іске қоса бастау керек?
Қорытынды	

Сабақ №9			
Сабақтың тақырыбы:	Қисық сызықты қозғалыс кинематикасы		
Оқу мақсаттары:	10.1.1.9 - қисықсызықты қозғалыс кезіндегі траекторияның қисықтық радиусын, дененің тангенциалды, центрге тартқыш және толық үдеуін анықтау;		
Күні:		**Сынып:**	**10**
		Мұғалім:	
Оқу мақсаттарын игеруге бағытталған тапсырмалар	**Тапсырмалардың мазмұны мен орындау алгоритмі**		

тізбегі			
Теориялық материалдар	   		
Тапсырмалар	**Тапсырма 1** Радиусы 8 см дөңгелек 1,57 рад/с бұрыштық жылдамдықпен айналады. Дөңгелек шетіндегі нүктелердің қозғалыс басталғаннан 2 с-тан кейінгі: a) Сызықтық жылдамдығын; b) Жанама үдеуін; c) Нормаль үдеуін; d) Толық үдеуін анықтаңыз. **Тапсырма 2** *Тасты 15 м/с жылдамдықпен көкжиекке* 30^0 *бұрыш жасап лақтырады. Тастың қозғалыс траекториясының қозғалыс басталғаннан 1 с-тен* *кейінгі қисықтық радиусын анықтаңыз.*		
Қорытынды			
Сабақ №10			
Сабақтың тақырыбы:	Қисық сызықты қозғалыс кинематикасы		
Оқу мақсаттары:	10.1.1.9 - қисықсызықты қозғалыс кезіндегі траекторияның қисықтық радиусын, дененің тангенциалды, центрге тартқыш және толық үдеуін анықтау;		
Күні:		**Сынып:**	**10**
		Мұғалім:	
Оқу мақсаттарын игеруге бағытталған	**Тапсырмалардың мазмұны мен орындау алгоритмі**		

тапсырмалар тізбегі	
Тапсырмалар	**Тапсырма 1** (a) Материалдық нүкте модулі бойынша тұрақты жылдамдықпен шеңберді сағат тілінің бағытында айналады. Берілген нүктелердің қайсысында материалдық нүктенің үдеуі суреттегі тілшенің бағытымен бағыттас болады?  A) 1 B) 2 C) 3 D) 4 Радиусы R болатын шеңбер бойымен бірқалыпты қозғалған дененің периоды T-ға тең. Қандай уақыт ішінде дене шеңбер бойымен πR-ға тең арақашықтықты жүріп өтеді? A) $2T$ B) T/2 C) T/2π D) T/π (b) Материалдық нүкте радиусы r-ға тең шеңбер бойымен бірқалыпты ϑ жылдамдықпен қозғалады. Егер нүктенің жылдамдығы екі есе артса, онда центрге тартқыш үдеу модулі қалай өзгереді? A) өзгермейді B) 2 есе азаяды C) 2 есе артады D) 4 есе артады **Тапсырма 2** Материалдық нүкте радиусы 4 м-ге тең шеңбер бойымен қозғалады. Графикте оның жылдамдығының модулінің уақытқа тәуелділік графигі берілген.  a) Материалдық нүктенің бұрыштық жылдамдығын анықтаңыз; b) Айналу жиілігін анықтаңыз; c) $t = 3\ c$ уақыт мезетінде центрге тартқыш үдеу неге тең болады? d) $t = 2\ c$ ішіндегі нүктенің бұрыштық орын ауыстыруын табыңыз.
Қорытынды	


Сабақ №11			
Сабақтың тақырыбы:	Көкжиекке бұрыш жасай лақтырылған дененің қозғалысы. Есептер шығару.		
Оқу мақсаттары:	10.1.1.10 - көкжиекке бұрыш жасай лақтырылған дененің қозғалысы кезіндегі кинематикалық шамаларын анықтау;		
Күні:		**Сынып:**	**10**
		Мұғалім:	
Оқу мақсаттарын игеруге бағытталған тапсырмалар	**Тапсырмалардың мазмұны мен орындау алгоритмі**		

тізбегі	
Тапсырмалар	1. Тас қандай да бір биіктіктен горизонталь лақтырылған. 3 с кейін оның жылдамдығы көкжиекке 45 градус жасай бағытталған болды. Тастың бастапқы жылдамдығын анықтаңдар. 2. Дене көкжиекке 60 градус жасай отырып, 20 м/с жылдамдықпен тасталған. 1,5 с кейін дене көкжиекке қандай бұрышпен ұшады. 3. Дене көкжиекке 60 градус жасай отырып, 20 м/с жылдамдықпен тасталған. Қанша уақыттан кейін және қандай биіктікте дене көкжиекке 45 градус жасайтындай жылдамдықпен қозғалады? 4. Екі бала бір бірен доп лақтырып ойнайды. Ойын кезінде доп қандай максимал биіктікке жетеді, егер ол бірінші баладан екіншісіне 2 с ұшатын болса?
Қорытынды	

Сабақ №12/13			
Сабақтың тақырыбы:	Көкжиекке бұрыш жасай лақтырылған дененің қозғалысы.Есептер шығару.		
Оқу мақсаттары:	10.1.1.10 - көкжиекке бұрыш жасай лақтырылған дененің қозғалысы кезіндегі кинематикалық шамаларын анықтау;		
Күні:		**Сынып:**	**10**
		Мұғалім:	
Оқу мақсаттарын игеруге бағытталған тапсырмалар тізбегі	**Тапсырмалардың мазмұны мен орындау алгоритмі**		
Тапсырмалар	**Орташа деңгей**		

	1. Доп 10 м/с жылдамдықпен көкжиекке 30^0 бұрыш жасай лақтырылған. а) Доптың қандай биіктікке көтерілетінін; ә) қанша уақыт қозғалыста болатынын табыңдар. Ауа кедергісін ескермеңдер. 2. Көкжиекке 45^0 бұрыш жасай лақтырылған дөңгелек максимал h биіктікке көтерілді. Оның ұшу қашықтығы қандай? 3. Дене көкжиекке бұрыш жасай 10 м/с бастапқы жылдамдықпен лақтырылған. Оның 3 м биіктікке жеткен мезеттегі жылдамдығын есептеңіз. 4. 12 м/с жылдамдықпен көкжиекк 45^0 бұрыш жасай лақтырылған тас жерге лақтырған орнынан s қашықтыққа түскен. Сондай жылдамдықпен сол жерге түсу үшін тасты қандай h биіктіктен лақтыру керек? 5. Дененің көтерілу биіктігі үшін ұшу қашықтығына тең болу үшін оны көкжиекке қандай бұрышпен лақтыру керек? 6. Көкжиекке 30^0 бұрыш жасай лақтырылған тас қозғалыс басталғаннан кейін 3 с және 5 с-тан соң екі рет бірдей биіктікте болған. Тастың бастапқы жылдамдығы мен максимал көтерілу биіктігін анықтаңыз. 7. 10 м/с бастапқы жылдамдықпен лақтырылған тастың 0,5 с-тан кейінгі жылдамдығы 7 м/с болған. Тас бастапқы деңгейінен қандай максимал биіктікке көтеріледі? **Жеткілікті деңгей** 8. Көкжиекке 60^0 бұрыш жасай лақтырылған дененің қозғалыс басталғаннан 4 с өткендегі жылдамдығының вертикаль құраушысының проекциясы 10 м/с болды. Дененің лақтырылған жері мен түскен орнының арақашықтығын анықтаңыз. 9. Екі дене бір нүктеден горизонтқа $\alpha_1=30^0$ және $\alpha_2=45^0$ бұрыш жасай лақтырылған. Егер денелер жердің бір нүктесіне түссе, олардың бастапқы жылдамдықтарының қатынасы қандай?
Қорытынды	

Сабақ №15/16			
Сабақтың тақырыбы:	Күштер. Күштерді қосу. Ньютон заңдары.		
Оқу мақсаттары:	10.1.2.1 - бірнеше күштің әрекетінен болатын дененің қозғалысына есеп шығарудың алгоритмдерін құру.		
Күні:		**Сынып:**	**10**
		Мұғалім:	
Оқу мақсаттарын игеруге бағытталған тапсырмалар тізбегі	**Тапсырмалардың мазмұны мен орындау алгоритмі**		

Тапсырмалар	**Тапсырма 1** Суретте массасы 50 кг парашютшінің жерге құлап келе жатқан кездегі әсер еткен күштерінің диаграммасы көрсетілген.  (a) a-суретінде көрсетілген жағдай үшін қорытқы күш пен үдеуді анықтаңыз. (b) b-суретінде көрсетілген жағдай үшін қорытқы күш пен үдеуді анықтаңыз. (c) c-суретінде көрсетілген жағдай үшін қорытқы күш пен үдеуді анықтаңыз.
Қорытынды	



Сабақ №17			
Сабақтың тақырыбы:	Күштер. Күштерді қосу. Ньютон заңдары.		
Оқу мақсаттары:	10.1.2.1 - бірнеше күштің әрекетінен болатын дененің қозғалысына есеп шығарудың алгоритмдерін құру.		
Күні:		**Сынып:**	**10**
		Мұғалім:	
Оқу мақсаттарын игеруге бағытталған тапсырмалар тізбегі	**Тапсырмалардың мазмұны мен орындау алгоритмі**		
Тапсырмалар	**Тапсырма 1**		

	Автобустың толық жүгімен алғандағы массасы m = 15 т. Ол біраз уақыт тас жолдың горизонталь бөлігімен түзу сызықпен қозғалады. Жылдамдық проекциясының өзгеру заңдылығы $\upsilon_x = 0{,}7t$ (м/с). (a) Автобусқа әсер ететін барлық күштерді сызба түрінде көрсетіңіз. (b) Ньютонның екінші заңын векторлық түрде жазыңыз. (c) Күштердің координат осьтеріндегі проекцияларын жазыңыз. (d) Автобустың үдеуін есептеңіз. (e) Үйкеліс күшін анықтаңыз.
Қорытынды	

Сабақ №18			
Сабақтың тақырыбы:	Бүкіл әлемдік тартылыс заңы.		
Оқу мақсаттары:	10.1.2.4 - бүкіл әлемдік тартылыс заңын есептер шығаруда қолдану		
Күні:		**Сынып:**	**10**
		Мұғалім:	
Оқу мақсаттарын игеруге бағытталған тапсырмалар тізбегі	**Тапсырмалардың мазмұны мен орындау алгоритмі**		
Тапсырмалар	1. Массасы 10 кг денені жер бетінен 6м/с2 үдеумен тік жоғары көтеру үшін қандай күш жұмсалу керек?		

	2. Алманың массасы 40г. Оны Жер қандай күшпен тартады? Егер алма түскен бұтақ 2,4 м биіктікте орналасқан болса, онда алма қанша уақытта Жерге түседі? 3. Массалары $2*10^6$ кг және $4*10^6$кг денелер 13,34 мН күшпен тартылады. Осы денелер арасындағы арақашықтық қншаға тең? 4. 10м арақашықтықтан массалары бірдей денелердің өзара тартылыс күші 226,68мН. Денелердің массаларын есептеңіз. 5. Шолпанның орташа тығыздығы 5200кг/м3, радиусы 6100км. Шолпан бетіндегі еркін түсу үдеуін анықтаңыз. 6. Шексіз ортада центрлерінің арақашықтығы 20 см екі шар орналасқан. Көлемдері 20 $см^3$ және 40 $см^3$, ал тығыздықтары 1000 $кг/м^3$ және 2000 $кг/м^3$ осы шарларға әсер ететін күш неге тең? 7. Юпитер планетасының радиусы $7*10^7$ м. Бетіндегі еркін түсу үдеуі 23 $м/с^2$ тең. Планетаның массасын анықтаңыз. 8. Әрқайсысының массасы 200 кг тыныштықта тұрған шарлар бір-бірінен 0,2 Н күшпен тартылса, онда олар қандай қашықтықта орналасқан?
Қорытынды	

Сабақ №19			
Сабақтың тақырыбы:	Бүкіл әлемдік тартылыс заңы. Есептер шығару.		
Оқу мақсаттары:	10.1.2.4 - бүкіл әлемдік тартылыс заңын есептер шығаруда қолдану		
Күні:		**Сынып:**	**10**
		Мұғалім:	
Оқу мақсаттарын игеруге бағытталған тапсырмалар тізбегі	**Тапсырмалардың мазмұны мен орындау алгоритмі**		
Тапсырмалар	**Тапсырма 1**		

	Ғарыштық шаттл Жер бетінен $3 \cdot 10^5$ м қашықтықта, оны шеңберлі орбитамен айнала қозғалады. a) Шаттлдың орбиталық жылдамдығы неге тең?  b) Одан кейін шаттл жасанды серікпен жолығуы үшін жоғарғы орбитаға өтеді.  Жаңа орбитадағы шаттлдың жылдамдығы ... (дұрыс жауапты белгілеңіз) о бастапқы орбитадағы жылдамдықтан үлкен. о бастапқы орбитадағы жылдамдықтан аз. о бастапқы орбитадағы жылдамдыққа тең. **Тапсырма 2** Жердің массасы Айдың массасынан 81 есе көп, ал Айдың радиусы Жердің радиусынан 3,67 есе кіші. (a) Жердің бетіндегі еркін түсу үдеуін 9,8 м/с^2 деп алып, Ай бетіндегі еркін түсу үдеуін анықтаңыз. (Жердің массасы $5{,}96 \cdot 10^{24}$ кг, ал Жердің радиусы 6370 км). (b) Айдың бірінші ғарыштық жылдамдығын есептеңіз
Қорытынды	

Сабақ №20			
Сабақтың тақырыбы:	Импульс моменті. Импульс моментінің сақталу заңы және оның кеңістік қасиеттерімен байланысы.		
Оқу мақсаттары:	10.1.2.6 - айналмалы қозғалыс динамикасының негізгі теңдеуін есеп шығаруда қолдану;		
Күні:		**Сынып:**	**10**
		Мұғалім:	
Оқу мақсаттарын игеруге бағытталған тапсырмалар тізбегі	**Тапсырмалардың мазмұны мен орындау алгоритмі**		

Теориялық материалдар

Ілгерілмелі қозғалыс		Айналмалы қозғалыс		Сипаттамалар арасындағы байланыс
Радиус-вектор	$\vec{r}$	Айналу бұрышы	φ	
Орын ауыстыру векторы	$d\vec{r}$	Бұрыштық орын ауыстыру векторы	$d\vec{\varphi}$	
Жол ұзындығы	dS	Жол ұзындығы	dS	$dS = R \cdot d\varphi$
Жылдамдық	$\vec{\upsilon} = \frac{d\vec{r}}{dt}$	Бұрыштық жылдамдық	$\vec{\omega} = \frac{d\vec{\varphi}}{dt}$	$\upsilon = R \cdot \omega$, $\vec{\upsilon} = [\vec{\omega}\vec{r}]$
Үдеу	$\vec{a} = \frac{d\vec{\upsilon}}{dt} = \frac{d^2\vec{r}}{dt^2}$ $\vec{a} = \vec{a}_n + \vec{a}_\tau$	Бұрыштық үдеу	$\vec{\varepsilon} = \frac{d\vec{\omega}}{dt} = \frac{d^2\vec{\varphi}}{dt^2}$	
Тангенц. үдеу	$a_\tau = \frac{d\upsilon}{dt}$			$a_\tau = R \cdot \varepsilon$, $\vec{a}_\tau = [\vec{\varepsilon}\vec{r}]$
Нормаль үдеу	$a_n = \frac{\upsilon^2}{R}$			$a_n = \omega^2 \cdot R$, $\vec{a}_n = -\omega^2 \cdot \vec{R}$

Тапсырмалар

1-топ:
• Неліктен тік ұшақта 2 винт болады?
• Импульс моменті дегеніміз не?
• Импульс моментінің сақталу заңын тұжырымдаңыз
2-топ:
• Мысық неліктен жерге ылғи аяғымен түседі?
• Импульс моментінің сақталу заңының орындалатынын дәлелдейтін мысал келтір
• Айналмалы қозғалыс үшін Ньютонның 2 заңын тұжырымда
3-топ:
1 есеп. Инерция моменті 0,15 кг·м2, радиусы 20 см біртекті тұтас цилиндрге жеңіл жіп оралған. Жіптің бір ұшына массасы 0,5 кг жүк ілінген. Бастапқыда жүк жер бетініен 2,3 м биіктікте болған.


Қорытынды

Сабақ №21

Сабақтың тақырыбы:	Айналмалы қозғалыс динамикасының негізгі теңдеуі		
Оқу мақсаттары:	10.1.2.7 - айналмалы және ілгерілемелі қозғалысты сипаттайтын физикалық шамалардың арасындағы сәйкестікті жүргізу		
Күні:		**Сынып:**	**10**
		Мұғалім:	
Оқу мақсаттарын игеруге бағытталған тапсырмалар тізбегі	**Тапсырмалардың мазмұны мен орындау алгоритмі**		
Тапсырмалар	1. Ұзындығы 1 м, массасы 400 г біртекті таяқша өз центрінен өтетін горизонталь ось төңірегінде вертикаль айналады. Таяқшаның бұрыштық үдеуі 15 рад/с^2 болса, оған әсер ететін		

	күш моменті неге тең? 2. Массасы 500 г қозғалмайтын блокқа жіп арқылы байланысқан массалары 1 кг және 1,5 кг екі жүк ілінген. Жүктердің үдеуін және жүктер ілінген жіптердің керілу күштерін анықтаңыз. Үйкелісті ескермеңіз және блокты біртекті диск ретінде қарастырыңыз.
Қорытынды	

Сабақ №29			
Сабақтың тақырыбы:	Газдардың молекулалық кинетикалық теориясының негізгі қағидалары және оның тәжірибелік дәлелдемелері. Термодинамикалық жүйелер және термодинамикалық параметрлер.		
Оқу мақсаттары:	10.2.1.1 - температура мен молекулалардың ілгерілемелі қозғалысының орташа кинетикалық энергиясының байланысын сипаттау;		
Күні:		**Сынып:**	**10**
		Мұғалім:	
Оқу мақсаттарын игеруге бағытталған тапсырмалар тізбегі	**Тапсырмалардың мазмұны мен орындау алгоритмі**		

<table>
<tr><td>Тапсырмалар</td><td>
Тапсырма 1.
1.1-суретте ішінде ауа және ауада қалқып жүрген шаң тозаңдары бар жабық шыны шприц көрсетілген.


(a) Түсіндіріңіз. Не себепті шаң тозаңдары ауада қалқып жүреді және неге шыны түбіне шөкпейді?
(b) Шаң тозаңдарының қозғалысын броундық қозғалыс деп атайды. Осы Броундық қозғалысты сипаттаңыз.
(c) Шаң тозаңдарының қозғалысын не тудыратынын түсіндіріңіз.
(d) Қатты дененің молекулалық құрылымын көрсететін схеманы сызып көрсетіңіз. Молекулаларды шағын шарлар түрінде салыңыз.
Тапсырма 2.
(a) Төмендегі кестеде заттың үш күйінің қатты, сұйық және газ молекулаларының жағдайлары сипатталған. Берілген сипаттамалардың заттың қай күйіне сәйкес келетінін анықтап кестеге толтырыңыз.
<table>
<tr><td>Зат күйінің сипаттамалары</td><td>Қандай зат күйінде болатынын тұжырыды
даңыз</td></tr>
<tr><td>Молекулалары үлкен қашықтықтарда орналасқан, өте жылдам қозғалады, өзара әрекеттері ескерілмейді. Зат бүкіл кеңістікті түгел қамтиды.</td><td></td></tr>
<tr><td>Молекулалары белгілі нүкте маңайында тек қана тербелмелі қозғалыс жасайды. Зат өзінің пішінін сақтап тұру үшін контейнерді қажет етпейді.</td><td></td></tr>
<tr><td>Молекулалары өзара орын ауыстырады, олар арасында тартылысу күштері бар, зат бүкіл контейнерді толтыруы міндетті емес.</td><td></td></tr>
</table>
</td></tr>
<tr><td>Қорытынды</td><td></td></tr>
</table>



<table>
<tr><td colspan="4">Сабақ №30</td></tr>
<tr><td>Сабақтың тақырыбы:</td><td colspan="3">Газдардың молекулалық кинетикалық теориясының негізгі қағидалары және оның тәжірибелік дәлелдемелері. Термодинамикалық жүйелер және термодинамикалық параметрлер.</td></tr>
<tr><td>Оқу мақсаттары:</td><td colspan="3">10.2.1.1 - температура мен молекулалардың ілгерілемелі қозғалысының орташа кинетикалық энергиясының байланысын сипаттау;</td></tr>
<tr><td>Күні:</td><td></td><td>Сынып:</td><td>10</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td>Мұғалім:</td><td></td></tr>
<tr><td>Оқу мақсаттарын игеруге бағытталған</td><td colspan="3">Тапсырмалардың мазмұны мен орындау алгоритмі</td></tr>
</table>

тапсырмалар тізбегі	
Тапсырмалар	1. Молекула-кинетикалық теорияның негізгі қағидаларын тұжырымдаңыз. 2. МКТ-ның негізгі теңдеуін пайдаланып, молекулалардың ілгерілемелі қозғалысының орташа кинетикалық энергиясы мен абсолют температураның арасындағы мына байланысты қорытып шағарыңыз $E = \frac{3}{2} kT$ 3. Температурасы 27^0C болатын оттек пен сутек молекулаларының орташа квадраттық жылдамдықтары мен кинетикалық энергияларын салыстырып, қорытынды жасаңыз. 4. Идеал газдың $2,0 \cdot 10^5$ Па қысымдағы тығыздығы 2,4 кг/м^3 және температурасы 300 К. a) Осы газ молекулаларының орташа квадраттық жылдамдығын есептеңіз. b) Осы газ молекулаларының орташа квадраттық жылдамдығы екі еселенетін температураны есептеңіз.
Қорытынды	

Сабақ №31			
Сабақтың тақырыбы:	Идеал газ күйінің теңдеуі		
Оқу мақсаттары:	10.2.2.1 - идеал газ күйінің негізгі теңдеуін есептер шығаруда қолдану;		
Күні:		**Сынып:**	**10**
		Мұғалім:	
Оқу мақсаттарын игеруге бағытталған тапсырмалар тізбегі	**Тапсырмалардың мазмұны мен орындау алгоритмі**		
Тапсырмалар	**Тапсырма 1** Ыдыстан газдың қандай да бір мөлшері шығарылғаннан кейін		

	ондағы қысым 30 % - ға азайып, абсолют температурасы 10 %-ға төмендейді. Ыдыстан газдың қандай бөлігі шығарылған? Дескриптор Білім алушы - идеал газ күйінің теңдеуін қолданады; - өзгеретін және тұрақты шамаларды анықтап, екі жағдай үшін газ күйінің теңдеуін жазады; - ыдыстан шығарылған газ мөлшерін анықтайды. **Тапсырма 2** 0,1 МПа қысымда және 15^0С температура кезінде ауа 2 л көлем алады. Егер температура 20^0 С болса, онда ауаның осы массасы қандай қысымда 4 л көлем алады? Дескриптор Білім алушы - идеал газ күйінің теңдеуін екі жағдай үшін жазады. - белгісіз қысымды анықтайды.
Қорытынды	

Сабақ №32			
Сабақтың тақырыбы:	Изопроцестер. Изопроцесстер графиктері.		
Оқу мақсаттары:	10.2.2.2 - тұрақты температура кезінде қысымның газ көлеміне тәуелділігін зерттеу(Бойль-Мариотт заңы); 10.2.2.3 - тұрақты қысым кезінде газ көлемінің температураға тәуелділігін зерттеу (Гей-Люссак заңы); 10.2.2.4 - тұрақты көлем кезінде қысымның газ температурасына тәуелділігін зерттеу(Шарль заңы);		
Күні:		**Сынып:**	**10**
		Мұғалім:	
Оқу мақсаттарын	**Тапсырмалардың мазмұны мен орындау алгоритмі**		

игеруге бағытталған тапсырмалар тізбегі	
Тапсырмалар	Тапсырма 1. Цилиндрдің ішіндегі ауаға жүк арқылы поршеньмен 1-суретте көрсетілгендей қысым түсіріліп тұр.  **(a)** Цилиндр ішіндегі қысымның қалай пайда болғанын сипаттаңыз. **(b)** Жүкті арттырды делік, сол кездегі: (i) Поршеньнің жүрісін сипаттаңыз; (ii) Цилиндр ішіндегі қысым қалай өзгереді және оның себебі неде екенін түсіндіріңіз. **Тапсырма 2.** а) Графикте берілген процестерге талдау жасаңыз. б) Осы процестерді *p*-*T* тәуелділігінде салыңыз.  **Тапсырма 3.** Изохоралық процесс кезінде газ температурасы 30 %-ға артып, қысымы 200 кПа болды. Газдың бастапқы қысымы қандай болған? Дескриптор Білім алушы - изохоралық процесс теңдеуін қолданады; - математикалық түрлендірулер арқылы бастапқы қысымды анықтауға арналған формуланы қорытады; - белгісіз қысымды анықтайды.
Қорытынды	

Сабақ №33			
Сабақтың тақырыбы:	Идеал газдың ішкі энергиясы. Термодинамикалық жұмыс. Жылу мөлшері, жылусыйымдылық.		
Оқу мақсаттары:	10.2.3.1 - бір атомды және екі атомды идеал газдың ішкі энергиясының формуласын есептер шығаруда қолдану		
Күні:		**Сынып:**	**10**
		Мұғалім:	
Оқу мақсаттарын игеруге бағытталған тапсырмалар тізбегі	**Тапсырмалардың мазмұны мен орындау алгоритмі**		

Тапсырмалар	1. Ыдыстан газдың қандай да бір мөлшері шығарылғаннан кейін ондағы қысым 30 % - ға азайып, абсолют температурасы 10 %-ға төмендейді. Ыдыстан газдың қандай бөлігі шығарылған? Дескриптор Білім алушы - идеал газ күйінің теңдеуін қолданады; - өзгеретін және тұрақты шамаларды анықтап, екі жағдай үшін газ күйінің теңдеуін жазады; - ыдыстан шығарылған газ мөлшерін анықтайды. 2. 0,1 МПа қысымда және 15^0С температура кезінде ауа 2 л көлем алады. Егер температура 20^0 С болса, онда ауаның осы массасы қандай қысымда 4 л көлем алады? Дескриптор Білім алушы - идеал газ күйінің теңдеуін екі жағдай үшін жазады. - белгісіз қысымды анықтайды.
Қорытынды	

3 БӨЛІМ. Электр және магнетизм. 10– тарау. Электростатика

28 – жаттығу

1) Бір – бірінен 5см арақашықтықта орналасқан 10нКл және 15нКл нүктелік зарядтардың өзара әрекеттесу күшін анықтаңдар.

Берілгені: **Шешуі:**

R = 5см = $5\cdot10^{-2}$м Кулон күші:

$q_1 = 10\,нКл = 10\cdot10^{-9}\,Кл$ $F_k = k\dfrac{|q_1||q_2|}{R^2}$ (1)

$q_2 = 15\,нКл = 15\cdot10^{-9}\,Кл$ $\qquad F_k = 9\cdot10^9\cdot\dfrac{10\cdot10^{-9}\cdot15\cdot10^{-9}}{\left(5\cdot10^{-2}\right)^2} = 540\cdot10^{-6}\,Н$

k = $9\cdot10^9$ Н·м^2/Кл^2

т/к: $F_k - ?$

Жауабы: $F_k = 540\,мкН$

2) Бір – бірінен 5см арақашықтықта орналасқан бірдей екі нүктелік заряд 0,4мН күшпен өзара әрекеттеседі. Осы зарядтарды анықтаңдар.

Берілгені:

R = 5см = $5\cdot10^{-2}$м

$F_k = 0{,}4\,мН = 0{,}4\cdot10^{-3}\,Н$

k = $9\cdot10^9$ Н·м^2/Кл^2

т/к: $q - ?$

Шешуі:

$q_1 = q_2$ болғандықтан, Кулон күші:

$$F_k = k\frac{q^2}{R^2}$$

$$q = \sqrt{\frac{F_k R^2}{k}}$$

$$q = \sqrt{\frac{0{,}4\cdot10^{-3}\cdot\left(5\cdot10^{-2}\right)^2}{9\cdot10^9}} \approx 10^{-8}\,Кл$$

Жауабы: $q \approx 10^{-8}\,Кл$

